***ЖШС"Bal-Aiym 2" бөбекжай-бақшасы***

# "Берекелі-Алтын күз"

**Тәрбиеші:***Ж.Алдабергенова*

***2025-2026 оқу жылы***

## "Алтын күз"

Музыка ойнап, әсем безендірілген залға балалар келіп кіреді.

**Жүргізуші:** Қарсы алайық бәріміз,
Жасымыз бен кәріміз.
Қырлан келгі қыдырып,
Алтын күз бізге нұр төгіп.

Тілегім аман болсын ел іргесі,
Алтын күз қайта келді берекесі.
Молшылықтың жаршысы бола білді,
Алтын күз-ырыс,береке,бірлік ала келді.

Армысыздар ұстаздар мен ата-аналар, қадірлі қонақтар! «Алтын күз, әсем айналам, Еліне береке сыйлаған» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер! Балалар мен сендерге бір жұмбақ жасырғым келіп тұр.
«Көк майсалы көрікті, алқаптағы көп егін
Бұл күндері киінті, сары жібек көйлегін» - Бұл не, балалар? (Күз мезгілі)
(сендерше, күз мезгіліне арнаған өлең шумақтарымызды тыңдайық)

1. **Аяулым**: Қуандырып біздерді,кел жемісті алтын күз.
Өлкемізге күз келді, кемелденсін халқымыз.
Жеміс мол теретін, күз дос екен біз бенен
Бәрін тауып беретін, жомарт екен күз деген.

**2. С.Әли:** Жетті желмен алтын күз,
Жеміс жинау салтымыз
Жиып-теріп болған соң
Той жасайды халқымыз,
Мол өнімді жинаймыз
Елге бәрін сыйлаймыз.

**3.Қ.Әли** Көк майсалы көрікті,
Алқаптағы көнегін.
Бұл күндері киінті,
Сары жібек көйлегін.
Ағаштардан жамырап,
Ұшты кенет жапырақ.
Ой, алақай, тамаша,
Шашу шашты жапырақ!

(алтын күзге арнаған әнімізді айтайық)

**Ән:** «Алтын күз»

Балалар бізге қонақ келе жатқан сияқты.Ол кім болды екен?

**Күз ханшайымы:** Сәлем менің достарым,
Өмірге көп қосқаным,
Күз сыйлығын алыңдар
Сыйлығына қаныңдар.
Молшылыққа кенеліп,
Шаттық әнге салыңдар.

**Жүргізуші:** Сәлеметсіз бе, Күз ханшайымы! Біздің балалар сізді асыға күтті.

**Күз ханшайымы**: Рахмет, менің достарым! Ал, мен сендерге жұмбақ ала келдім.

1.Бұтақта ілініп тұрамын,
Піскенде себетке құладым.**(Жеміс)**

2. Ашулы қонақ бұл анық,
Тонын шешсе жыладық. **(Пияз)**

3. Өсірер тың дала,
Көшірер қамбаға.
Айналар ұнға да
Айналар нанға да.**(Бидай)**

**4.** Сырты қатты,
Іші тәтті. **(Қарбыз)**

5. Өсірдім ұлпа қар,
Шешуін кім табар. **(Мақта)**

**Жүргізуші:** Күз ханшайымы, біздің балалар, егін және күз жайлы мақал- мәтелдер біледі.

**Би:Жігіттер:Қырманға кел**

**1**.Екпей егін шықпас,

...ердің сәні егін
...ренбей білім жұқпас.
...рдің сәні білім
**3.** Егіндікті күз суар,
**4.** Арпа, бидай ас екен
Күз суарсаң, жүз суар
Алтын күміс тас екен
**5.** Не ексең соны орасың
**6.** Жері байдың – елі бай.
**Жүргізуші**:Сұлу қыздарымыздың биін тамашалайық.
**Би: «Жапырақтар»**

**Жүргізуші:** Балалар,ендеше Қоянды тамақтандыр ойынын ойнасақ
**Ән:Хор"Күз тамаша"**
**Жүргізуші:** Әрине біздің балалар, көмектесіп, көкөністермен жемістерді жинап береді.
**ОЙЫН «Жемістер мен көкеністер»**
Залға 4 шеңбер қойылады (олар үлкен себет болады) 4 баланың басына- өрік, қызанақ, орамжапырақ жүзім маскаларын кигізеді. Барлық балалар 4 командаға бөлінеді.
1 –Өрік
2 – Қызанақ
3 – Орамжапырақ
4 – Жүзім
Музыкамен барлығы билейді, тоқтап қалғанда, әр команда өз шеңберіне барып тұрады. Кейін ойын қайталанады.
**Күз ханшайымы**: --- Бәрекелді, керемет!
**Жүргізуші:** Қызанақ,саған көп рахмет. Біз бақшада қандай өзгерістер бар екенін білдік. Ендеше, біздің балалардың әнін тамашалайық.
**Жүргізуші:** **Ж**ыл мезгілімізге арнаған өлең шумақтарын тыңдайық.
**Қ.Әли**: Соңғы шуақ төгіліп, салқындаңып тұр аймақ.
Ақ сәулеге шомылып, жапырақтар жүр ойнап.
Көктен көзін бір алмай, қызғылт тартты сары күз
Жер қызығын қиялмай, мауждырап тұр сары күз.
**Әйгерім:** Шоғы толған гүлдей жайнап, шақырады жарқын жүз,
Сайрандаған күліп ойнап, келді міне алтын күз,
Жел тынымсыз гуілдеп, болып кетті тым бұзық.
Шуылдайды тал терек, жапырағын жұлғызып.
**Інкәр:** Тоңазып атырап,
Көп жеміс піседі.
Сарғайып жапырақ,
Саудырап түседі.
Аспанды сұрғылт бұлт,
Жан-жақтан жабады.
Күнбірте суытып,
Жауын көп жауады.

**Мунира:** Кездескен соң күзімен,
Бұтағынан үзілді.
Ай жапырақ-сары алтын
Айналаның бәрі алтын.
**Жүргізуші:**
Үсті толы ине,
өзін қорғай алады,
домаланып қалады. **Қандай аң?**
**Балалар:** Кірпі!
**Жүргізуші:** Дұрыс балалар!
Бұтақтан бұтаққа секірген,
Кішкентай ғана шапшаң аң.
**Балалар:** Тиін!

**Жүргізуші:** Дұрыс тиін! Балалар сендер білесіңдер ме, тиін мен кірпі қорек жинамапты. Мүмкін сендер көмектесін жібересіңдер?

**Балалар:** Әрине көмектесеміз! Кірпіге алмаларды, ал тиінге жаңғақтарды жинап береміз!

**ОЙЫН «Жаңғақтар мен алмаларды себетке жинап ал!»**

Ортада шеңбер ішінде жаңғақтар мен алмалар аралас жатады. Қарама қарсы балалар екі командаға 5 баладан бөлініп тұрады. Қолдарында себеттер. 1,2,3 дегенде бір-бірден барып өз заттарын жинайды. Музыка тоқтағанда ойын аяқталады. Кім көп жинаса сол команда жеңеді.

**Жүргізуші:** Досы көпті жау алмас, деп бекер айтпаған! Міне біздің, балалар кірпі мен тиінге көмектесін жіберді.

Теңіздей тербетіле көл бетіне,
Бишілер билеп кетті тербетіле.
Аққудай қалықтаған теңіздегі,
Бишілеріміз өнерлерін көрсетуде.

Ұлдарымыз бен қыздарымыздың биін тамашалаңыздар.

**Би: «флешмоб»**

Кезегімізді өлең шумақтарына берейік.

**1.Нурали** Алтын нұрдай тамшылап, жапырақтар төгілді
Біздің өмір таң шуақ, біздің өмір көңілді
Біреу астық түсіріп, біреу бидай ұшырып,
Жатқан мезгіл күз екен, алдым соны түсініп.

**2.Айым**: Ой, балалар,балалар,
Қоңырқай күз болыпты,
Құлап жапырақтар солыпты.
Ел егінін орыпты,
Ой,балалар,балалар.
Ойнайық та күлейік,
Мәз боп бірге жүрейік

**3.С.Әли:** Сарғайды тоғай, сап-сары маңай
Соңғы әнін айтып, құс кетті қайтып
Жапырақ ұшты, суық та түсті
Сонда да бізге,қызық көп күзде.

**4.Асқар:** Күн суытып келеді, жапырақтар түседі.
Астық-жеміс жиылды,қамбамызға құйылды.
Ардақты күз –мың алғыс, алдық өнім сыйыңды.

**5.Назерке:** Жаздай күткен бәріміз,
Сары алтын,сары күз,
Көк аспаның мөлдіреп,
Алтын күнім елжіреп.

**6. Абылайхан**: Аспанды сұрғылт бұлт,
Жан-жақтан жабады.
Күнбірте суытып,
Жауын көп жауады.

**Ән:** «жаңбыр»

**Жүргізуші:** Күз ханшайымы! Біздің қыздарымыз, аналары тіккен күздік киім үлгілерін көрсетпекші. **Ендеше «Алтын күз-2025» күзгі Қолшатыр сән үлгісін** ортаға шақырамыз! Қарсы алыңыздар!

**Күз ханшайымы:** Керемет! Қандай әдемі! Балалар, менің басқа балабақша бүлдіршіндеріне баратын уақытым болыпты. Мен енді кетейін, келесі кездескенше сау болыңдар!

**Жүргізуші:** Құрметті қонақтар, ата-аналар бүгінгі «Алтын күз, әсем айналам, Еліне береке сыйлаған» - атты ертеңгілігімізді аяқтай отырып, күз берекелі, астықты болсын демекпіз. Сау болыңыздар қонақтар, келгенше жыл айналып.











ЖШС«Bal-Aiym 2»бөбекжай-бақшасы

# “Қарттарым-асыл қазынам”

(Тәрбие сағаты)

Тәрбиеші:Ж.Алдабергенова

2025-2026 оқу жылы

...арым-асыл қазынам»
...-қазан карттар күніне түсінік беру.
...тбасын ұмытпай есте сақтауға және аталы сөзден ғибрат алуға үйрету.
...арлың бойына халқымыздың қадір қасиетін сіңіру, үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.
...рнекіліктер:отбасы мүшелерінің суреттері.
**Шаттық шеңбер:**

Есеңіз бе,қазыналы қарттарым,
Бабалардың бойға жиған салттарын
Өзіңіздей ұлағатты болуға,
Өсиетіңді жүрегімде сақтармын.

Жарайсыңдар рахмет.Енді орнымызға жайғасайық.
Балалар, ұйымдастырылған оқу қызметімізді бастамас бұрын,алдымен сендерге сұрақ қойғым келіп отыр.
Қазір жылдың қай мезгілі? (Күз)
Күз мезгілінде неше ай бар? (Үш ай бар)
Атайықшы? (Қыркүйек ,қазан, қараша)

Дұрыс айтасыңдар.
Енді осы қыркүйек айында қандай мерекелер болды? (Білім күні)
Жарайсыңдар.
Ал қазан айында қандай мерекелер бар, білесіңдер ме? (Ұстаздар күні ,Республика күні)
Дұрыс айтасыңдар .
Қазан айында бұл мерекелерден басқа тағы да, мереке бар.
**Ол-1-қазан карттар күні.**
Сондықтан бүгінгі ұйымдастырылған оқу қызметіміз қарттар күніне арналмақ. Мен сендерге жұмбақ жасырайын.
**Жұмбақ:**

Айтары мол ғұлама,
Көп жасаған бұл адам.
Әкесі ол әкеңнің,
Білер оны сұраған.
Ол кім? (Ата)

Аймалайды "Күнім" деп,
Мейірімді жүзі күлімдеп.
"Тәтті-ақ" дейді немере,
Бал шырындай үнің деп.
Ол кім? (Әже)

Жарайсыңдар,балалар,дұрыс таптыңдар. Осы атамызбен әжемізді бір сөзбен қалай атаймыз? (қарттар дейміз)
Дұрыс айтасыңдар,балалар.-"Ақылды қария-ағып жатқан дария" деп тегін айтылмаған. Осы қарттарымыз бәйтерек болса,біз соның жапырағымыз. Адам өміріндегі ең игі істің бірі-қарт кісілерге қамқорлық, мейірімділік, түсіністік, сүйіспеншілік, жанашырлық, сыйластық таныта білуіміз керек. Ал енді осы атамызбен әжемізге сендер кім боласыңдар? (немере)
Балалар анамыздың әкесі ,анасы сендерге кім болады? (нағашы ата,нағашы әже)
Ал сендер оларға кім боласыңдар? (жиен)
Жарайсыңдар.
Балалар ата, әже туралы жаттаған тақпақтарымызды айтып берейік.

**Айгерім:**

Атамыз-біздің панамыз,
Атамыз-біздің данамыз.
Атадан ақыл аламыз,
Атадай адам боламыз.

**Қ.Әли:**

Жақсы ісімді мақтан қылып,
Жамандықтан сақтандырып.
Жүрген алтын ақ әжемді.
Жүрсем деймін шаттандырып.

**Інкәр:**

Немересін жанынан арттық көретін,

ЖШС«Bal-Aiym 2»бөбекжай-бақшасы

# “Қарттарым-асыл қазынам”

**(Тәрбие сағаты)**

**Тәрбиеші:Ж.Алдабергенова**

**2025-2026 оқу жылы**

**Тақырыбы:«Қарттарым-асыл қазынам»**
**Мақсаты:**1-қазан қарттар күніне түсінік беру.
Өз ата-бабасын ұмытпай есте сақтауға және аталы сөзден ғибрат алуға үйрену.
Балалардың бойына халқымыздың қадір қасиетін сіңіру, үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.
**Көрнекіліктер:**отбасы мүшелерінің суреттері,
**Шаттық шеңбер:**
Есеніз бе,қазыналы қарттарым,
Бабалардың бойға жиған салттарын.
Өзіңіздей ұлағатты болуға,
Өсиетіңді жүрегімде сақтармын.
Жарайсыңдар рахмет.Енді орнымызға жайғасайық.
Балалар, ұйымдастырылған оқу қызметімізді бастамас бұрын,алдымен сендерге сұрақ қойғым келіп отыр.
Қазір жылдың қай мезгілі? (Күз)
Күз мезгілінде неше ай бар? (Үш ай бар)
Атайықшы? (Қыркүйек ,қазан, қараша)

Дұрыс айтасыңдар.
Енді осы қыркүйек айында қандай мерекелер болды? (Білім күні)
Жарайсыңдар.
Ал қазан айында қандай мерекелер бар, білесіңдер ме? (Ұстаздар күні ,Республика күні)
Дұрыс айтасыңдар .
Қазан айында бұл мерекелерден басқа тағы да, мереке бар.
**Ол-1-қазан қарттар күні.**
Сондықтан бүгінгі ұйымдастырылған оқу қызметіміз қарттар күнініне арналмақ. Мен сендерге жұмбақ жасырайын.
**Жұмбақ:**
Айтары мол ғұлама,
Көп жасаған бұл адам.
Әкесі ол әкеңнің,
Білер оны сұраған.
Ол кім? (Ата)

Аймалайды "Күнім" деп,
Мейірімді жүзі күлімдеп.
"Тәтті-ақ" дейді немере,
Бал шырындай үнің деп.
Ол кім? (Әже)

Жарайсыңдар,балалар,дұрыс таптыңдар. Осы атамызбен әжемізді бір сөзбен қалай атаймыз? (қарттар дейміз)
Дұрыс айтасыңдар,балалар.-"Ақылды қария-ағып жатқан дария" деп тегін айтылмаған. Осы қарттарымыз бәйтерек болса,біз соның жапырағымыз. Адам өміріндегі ең игі істің бірі-қарт кісілерге қамқорлық, мейірімділік, түсіністік, сүйіспеншілік, жанашырлық, сыйластық таныта біліуміз керек. Ал енді осы атамызбен әжемізге сендер кім боласыңдар? (немере)
Балалар анамыздың әкесі ,анасы сендерге кім болады? (нағашы ата,нағашы әже)
Ал сендер оларға кім боласыңдар? (жиен)
Жарайсыңдар.
Балалар ата, әже туралы жаттаған тақпақтарымызды айтып берейік.

**Айгерім:**
Атамыз-біздің панамыз,
Атамыз-біздің данамыз.
Атадан ақыл аламыз,
Атадай адам боламыз.
**Қ.Әли:**
Жақсы ісімді мақтан қылып,
Жамандықтан сақтандырып.
Жүрген алтын ақ әжемді.
Жүрсем деймін шаттандырып.
**Іңкәр:**
Немересін жанынан артық көретін,

[illegible] еткізбей бәрін алып беретін,
Әжелердің құшағында күн несі,
Ерлелігі ұйлместен күтетін.

**Нұралы:**

Нағашы әжем анамның анасы,
Жиендердің ақылшысы сапасы.
Қонақ болып бара қалсаң үйіне,
Бойек болып қарсы алатын нағашы.

Жарайсыңдар балалар, өте жақсы тақпақтар біледі екенсіңдер.
Ендеше теледидарға назар аударайық.

**Көрініс:Әже мен бала Назерке-С.Әли.**

**Балалардын орындауындағы хор "Әжетайым"әнін тамашалайық .**

**Суреттер бойынша әңгіме.**

Балалар сұрақтарға жауап береді.
(Өз ойларын айтады)
Балалар шаршаған шығарсыңдар, ортаға шығып бір сергіп алайық.

**Сергету сәті:**

Шеңбер болып тұрайық,
Керегені құрайық,
Уық болып иіліп,
Шаңыраққа киіліп.
Қазақ үйді құрайық,
Жарайсыңдар орнымызға отырайық.

**Дидактикалық ойын:** «Кімге не тиесілі»

Ойының шарты бойынша балалар отбасы мүшелері бар суреттерге тиісті заттарын қыстарғышпен қыстырады.
Атаға-шапан,әжеге -үршық,әкеге -сағат,анаға-орамал,балаға-велосипед,қызға -қуыршақ.
Балалар , ата-әжелерің сендерді қалай еркелетеді?
(Балалардын жауаптары)

**Көрініс:Атамнын ақылы**

**Күтілетін нәтиже:**

Отбасы мүшелерін атай білуі керек.
Балалар бойында қамқорлық мейірімділік қасиеттері болу керек.Үлкенді сыйлауға,қарттарға құрмет көрсете білуі керек.







**Тақырыбы: *«Менің Отаным – Қазақстан!»***
**25 қазан –** Республика күні

**Мақсаты**

Балалардың Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, патриоттық сезімін тәрбиелеу.

Қазақстан Республикасының рәміздері мен мерекелерін танып-білуге үйрету.

Ән айту, би билеу, көрініс ойнау арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту.

**Жүргізуші:**
– Армысыздар, қадірлі қонақтар!
Бүгін біз барлығымыз үшін ерекше мереке – Республика күнін атап өтеміз.
Бұл күн – біздің Отанымыздың еркіндігін, тәуелсіздігін білдіретін күн.

**Әнұран**

Балалар қолдарын жүрек тұсына қойып тұрады.
**Мемлекеттік Әнұран** орындалады

**Өлеңдер**
**Ойын «Рәміздерді тап»**
Жүргізуші сұрақ қояды, балалар жауап береді:

- «Көк түсті, күн мен қыран бейнеленген – не?» → **Ту**
- «Шаңырақ бейнесі бар – не?» → **Елтаңба**
- «Мемлекеттік тіліміз?» → **Қазақ тілі**
- «Астанамыз қалай аталады?» → **Астана**
- **Би**
- Балалар «Қара жорға» биінің жеңілдетілген қимылдарын орындайды.

**Шығармашылық тапсырма**

Балалар топқа бөлініп, **Елтаңба құрастырады** (қағаздан қиылған бөліктерден).
Әр топ шағын уақыт ішінде суретті жинап, сахнаға көрсетеді.

**Жүргізуші:**
– Бүгін біз Республика күнін атап өттік. Бұл мереке – тәуелсіз еліміздің нышаны.
Балалар, Қазақстан әрқашан бейбіт, бақытты, берекелі ел болып, көк байрағымыз биік желбірей берсін!

Балалар қолдарын жоғары көтеріп, хормен айтады:
**«Қазақстан жасасын!»**








ЖШС “Bal-Aiym2”бөбекжай-бақшасы

# ҰСТАЗЫ ЖАҚСЫНЫҢ-ҰСТАНЫМЫ ЖАҚСЫ

“КҮНШУАҚ”

ТӘРБИЕШІ: Ж.АЛДАБЕРГЕНОВА




2025-2026 оқу жылы

**Тақырыбы: 1-қыркүйек – білім күні.**

**Мақсаты:** Балаларға 1 - қыркүйек күні – білім күні жайында түсінік беру. Өз туған елдеріне, жерлеріне, балабақшасына сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Байланыстырып сөйлеуге, сөйлем құра білуге үйрету.

**Тәрбиеші:** Балалар, бүгін бізде ерекше күн, бүгінгі сабағымыз біздің білім күніне, бірінші қыркүйек күніне арналған. 1 - ші қыркүйек күні барлық балабақшаларда, мектептерде баска да білім беру мекемелерде сабақтар басталады. Бұл күн сендер үшін, яғни оқушылар үшін және біздер үшін, ұстаздар үшін үлкен мереке күні болып саналады. Әр бір мектептерде, балабақшаларда, баска да білім беру мекемелерде тұңғыш қоңырау соғылады (тәрбиеші қоңырау соққан баланың суретін көрсетеді).
Осы тұңғыш қоңыраудан бастап күнделікті оқу басталады. Балалар, жақсы, білімді, тәрбиелі азамат болу үшін, ерінбей оқу оқып, білім алу керек. Ол үшін сендер балабақшаға күнде келіп, сабақ оқып, тәрбие алу керексіңдер.
Балалар, біз ересек тобында оқу оқығанда біздің Қазақстан Республикасының рәміздері жайында білім алғанбыз, ендеше есімізге түсірейікші, біз қандай Қазақстан Республикасының рәміздерін білеміз.
(балалардың жауабын тыңдау)

**Тәрбиеші:** Дұрыс, әнұран, елтаңба, ту.
Балалар, айтыңдаршы, біз қай Республикада тұрамыз?
**Балалар:** Біз Қазақстан Республикасында тұрамыз.
**Тәрбиеші:** Дұрыс. Қазақстан Республикасының президенті кім?

**Балалар: Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев.**
**Тәрбиеші**: Өте жақсы. Біздің Қазақстан Республикасының елордасы қай қалада?
**Балалар:** Қазақстан Республикасының елордасы Астана қаласы.
**Тәрбиеші: Балалар, айтыңдаршы, біздің балабақшамыздың аты қалай?**
**Балалар: «Bal-Aiym2» балабақшасы.**
**Тәрбиеші:** Міне, осындай тату тәтті, бақытты мемлекетте біз өмір сүріп жатырмыз. Ендеше біз бүгінгі мерекеге арналған өлең тақпақтарымызбен жалғастырайық.

**Назерке**
Білім алған өзіңнен, дәрігер, ұшқыш не ғалым.
Саған ыстық сезіммен, қарайды жұрт, мұғалім.
Мен де өзіңді әрдайым, қамқорым деп ұғамын
Күліп атқан таңдасың, жарқыңсың сен, мұғалім.

**Нұрали**
Қыркүйектің бірінде, кеудем толы дірілге
Құлақ түйем елеңдеп, «Бақша» деген бір үнге.
Сәлем саған балабақшам, алтын ұям сүйікті
Сен әпердің білікті, сенен өсіп көктедім.

**Балалардың орындауында ән «Біздің балабақша».**

**Әйгерім**
Келгенімде алдыңа, қызыл арай гүл алып
Жақын тартып жаныңа, шәкіртім деп қуанып.
Балалармен суреттер бойынша әңгімелесу.

**Ойын: «Менің сүйікті балабақшам».**
**Мақсаты: Балалардың сөздік қорын байыту, байланыстырып сөйлеуге үйрету, өз туған жерлеріне, елдеріне, балабақшаларына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.**
**Би : Флешмоб**

**Рамазан:**
Сәлем саған балабақшам, алғыстарым көп менің,
Оқу, білім, тәрбие, ой санама еккенің.
**Аяулым:**
Балабақшам – айтар әнім, сан рет қайталадым.
Өзіңнен алғанымды, өзіңе қайтарамын.
**Ән: Назерке "Ұстазым"**

**III. Қорытынды бөлім.**

Тәрбиеші: Міне, балалар, осы күннен бастап бізде күнделікті сабақтарымыз, қызықты да көп нәрсеге үйренетін күндеріміз басталды.
Әрқашан бүгінгідей жақсы көңілмен, барлығын үйренеміз деген мақсатпен балабақшаларына келулеріне тілектеспін. Бүгінгі сабаққа жақсы қатысқандары үшін көп рахмет. Бүгінгі 1 - ші қыркүйек – білім күніне арналған сабағымыз осымен аяқталды.




Білім күні


Білім күні